

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
L.N. Gumilyov Eurasian National University



## **«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
*(10-11 маусым, 2022)*

**СБОРНИК ТРУДОВ**

Международной научно-практической конференции  
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ  
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА  
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**,  
*(10-11 июня, 2022)*

**PROCEEDINGS**

of the International Scientific and Practical Conference  
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT  
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS  
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»**,  
*(June 10-11, 2022)*



**Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022**



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК  
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**  
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ  
(10-11 маусым, 2022)

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
Международной научно-практической конференции  
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-  
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ  
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**  
(10-11 июня, 2022)

**PROCEEDINGS**  
of the International Scientific and Practical Conference  
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND  
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**  
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022  
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71  
ББК 65.262.1 я73  
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева  
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

#### Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан  
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан  
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан  
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан  
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан  
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

**ISBN 978-601-337-682-0**

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

**ISBN 978-601-337-682-0**

УДК 336.71  
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022  
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

## СТРЕСС-ТЕСТІЛЕУДІҢ БАНК СЕКТОРЫН ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ҚАДАҒАЛАУ МЕН РЕТТЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Бузаубаева П.Н.**

*докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Нұр – Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

*E-mail: [pika\\_b@mail.ru](mailto:pika_b@mail.ru)*

**Ғылыми жетекші: Мақыш С.Б., э.ғ.д., профессор,**  
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

**Аңдатпа.** Банктер өздеріне тиесілі қызметтерді іске асыру арқылы экономикадағы уақытша бос қаражаттарды жинақтай отырып, жоғарғы табысты игеру үшін қаражаттарды орналастырады, сондай-ақ, кез келген мемлекет үшін банктердің қаржылық тұрақтылығы ол тұтас мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығының кепілі ретінде саналады. Жалпы банктер өздерінің қызметтерін жүзеге асыру барысында тәуекелге бара отырып, төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіз күйге ұшырауы мүмкін. Дәрменсіздіктің алдын алу, тұтынушылардың банк саласына деген сенімін жоғалтпау және салымшылардың мүдделерін қорғау мақсатында банктердің қызметін реттеу және қадағалау мәселесі маңызды болып табылады. Жоғарыда атап өткен мәселеге сүйене отырып, аталған мақалада Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктер қызметін тәуекелге бағытталған реттеу және қадағалауды жүзеге асыру тетіктері зерттеліп, банктердегі тәуекелдерді бағалау және бақылаудың маңыздылығы да аталып өтілді. Сонымен қатар, қазіргі жаңа технологиялардың дамуы мен қаржы нарығының жаһандануы қарсаңында банктер қызметін реттеу мен қадағалау барысында жаңадан құрал ретінде стресс –тестілеу қарастырылған.


**Түйін сөздер:** тәуекел, тәуекелге бағытталған реттеу және қадағалау, стресс-тестілеу, өтімділік, корпоративтік басқару, капитал тәуекелі, бизнес-модель, қайта құрлымдау, тәуекел деңгейі.

**Зерттеу әдістер.** Теориялық ақпараттарға сүйене отырып, зерттеудің эмперикалық әдісі қолданылды.

**Зерттеу мақсаты.** Стресс-тестілеудің банк секторын тәуекелге бағдарланған қадағалау мен реттеу барысындағы қажеттілігінің қаншалықты орынды екендігін анықтау.

**Кіріспе.** Нарықтың құлдырауы барлығына ауыр тиеді және олар әсіресе банктер үшін жағымсыз болуы ықтимал. Банктер, әдетте, ақшалай қаражаттарды сырттан тартатындықтан нарықтағы күйзелістер банктердің шығындарын көбейтіп, экономикаға әсер етеді. Банктер дағдарыстық жағдайларды алдын алу үшін немесе дағдарыс жағдайының болатынын болжау үшін стресс-тестерді қолданады.

Банкті стресс-тестілеу арқылы банк менеджерлері мен реттеуші органдарына банктің қаржылық қауаттылығын түсінуге көмектеседі. Стресс-тесттің жүргізу барысында банктердің экономикалық күйзеліс кезеңінде өмір сүру қабілетін және активтерінің жеткіліктілігін анықтау үшін «егер күйзеліс болса» деген сценарийлері арқылы анықталады.



Сурет 1 – Стресс-тестілеудің талаптары

Стресс –тестілеу – банктердің қаржылық тұрақтылығына әсер ету ықтимал жағдайларды бағалау әдісі. Қазіргі таңда стресс –тестілеу қадағалаушы органдардың құралы ретіндегі маңызы артуда.

Базель комитетінің талаптарына сай стресс-тестілеудің қағидаттары келесідей:

- 1) Стресс-тестілеу бағдарламаларында нақты тұжырымдалған және ресми келісілген мақсаттар болуы керек;
- 2) Стресс-тестілеу бағдарламалары басқарудың тиімді жүйесін көздеуі тиіс;
- 3) Стресс-тестілеу тәуекелдерді басқару құралы ретінде және бизнес-шешімдер қабылдау кезінде қолданылуы тиіс;
- 4) Стресс-тестілеу бағдарламалары маңызды өзекті тәуекелдерді қамтуы және қатаң сценарийлерді қарастыруы керек;
- 5) Ресурстардың көлемі мен ұйымдық құрылымдар стресс-тестілеу бағдарламасының мақсаттарына сай келуі керек;
- 6) Стресс-тестілеуді өткізу үшін нақты және жеткілікті егжей-тегжейлі деректер мен сенімді IT-жүйелерінің болуын қамтамасыз ету қажет;
- 7) Сценарилер мен сезімталдық тестілерінің әсерін бағалаудың модельдері мен әдістемелері стресс-тестілеудің мақсаттарымен сәйкес келуі керек;
- 8) Модельдер, нәтижелер және стресс-тестілеу бағдарламаларын үнемі сын тұрғысынан қаралуы және қайта қаралуы қажет;
- 9) Стресс-тестілеу саласындағы тәжірибелер мен оның нәтижелері туралы ұлттық және халықаралық деңгейдегі деректермен алмасуды қамтамасыз ету қажет.

Кесте 1 – Банк саласындағы стресс-тестілеу тәсілдерін салыстырмалы талдау

Атауы	ҚР	АҚШ	ЕО
стресс-тестілеуді жүргізуге жауапты орган	ҚР ҰБ	Федералды резервтік жүйе (FRS)	Еуропалық банкті қадағалау органы (ЕБА)
Стресс-тестілеудің қамтылуы	Барлық ЕДБ	33 банктік холдингтік компаниялар (банк секторы активтерінің 80%)	51 банк (банк секторы активтерінің 70%)
Қолданылатын тәсіл	Top-down	Bottom-up және Top-down	Bottom-up және Top-down
Методологиясы (әдістемесі)	сценарийлік талдау, сезімталдылықты талдау	сценарийлік талдау	сценарийлік талдау, сезімталдылықты талдау
Стресстік оқиғалардың минималды саны	2	3	2
Негізгі сценарийлік көрсеткіштер	<ul style="list-style-type: none"> <li>– капитал нарығына қол жетімділіктің болмауы;</li> <li>– энергоресурстар құны төмендеуі;</li> <li>– ұлттық валюта құнының әлсіреуі;</li> <li>– жылжымайтын мүлік нарығының дағдарысы;</li> <li>– ставкалардың өзгеруі;</li> <li>– ауыл шаруашылық сектор дағдарысы;</li> <li>– инфляциялық күтулердің өсуі;</li> <li>– жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы;</li> <li>– активтердің нарықтық құнының төмендеуі.</li> </ul>	АҚШ, ЕО, Ұлыбритания, Жапония және Азиядағы экономикалық жағдайды сипаттайтын 28 айнымалы	<ul style="list-style-type: none"> <li>– ЕО және әлемнің өзге елдерінде (АҚШ, Ресейді қоса алғанда) ЖІӨ мен ТБИ өсу қарқыны;</li> <li>– жұмыссыздық деңгейі;</li> <li>– ЕО елдеріндегі тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлік бағасы.</li> </ul>
Жоспарлауы	Жеке	9 тоқсанға	3 жылға
Қадағалаушы органға ақпараттарды ашуы	Стресс-тестілеу сценарийлері мен процедураларды жекелеп ашады	Bottom-up және Top-down тәсілдері бойынша ақпараттарды толық ашады	Методологиясы, сценарийлері және нәтижесі туралы ақпараттарды толықтай ашылады
<p>ЕДБ, ҚР бейрезидент банктердің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары ҚР ҰБ басқармасының 2019 жылы 12 қарашадағы №188 қаулысымен бекітілді</p> <p>Supervisory Stress Test Methodology FRB</p> <p>FSI Insights on policy implementation No 12 Stress-testing banks – a comparative analysis</p>			

Стресс-тестілеу барысында уәкілетте орган тарапынан (ҰБ, ҚНРҚА) келесідей талаптар қойылады:

1) Мерзімді негізде (кемінде жарты жылда 1 рет);

2) Стресс-тестілеу әдістері: 1) сценарийлік талдау, 2) сезімталдылықты талдау; 3) басқа да әдістер.

3) Сценарийлері: 1) жалпы экономикалық сценарий, ол елдегі экономикалық жағдайдың төмендеуінің әсерін бағалауға негізделген, оның ішінде жалпы және экономиканың жекелеген салаларда экономикалық өсімінің төмендеуі; 2) банктің бизнесіне тән сценарий, жергілікті стресс факторлардың, оның ішінде банктің несиелік қызметінің ерекшеліктері мен оның несиелік портфелінің құрылымымен байланысты факторлар әсерін бағалауға негізделген; 3) өзге де сценарийлер.

АҚШ-та банктер өздерінің капиталының деңгейін бағалау үшін үш түрлі шарттар жиынтығын пайдаланады: негізгі, қолайсыз және өте қолайсыз жағдайлар. Мысалы, банктерге жұмыссыздық деңгейі жоғары, тұрғын үй нарығының құлдырауы және экономиканың баяулауы бар ортаны модельдеу қажет болуы мүмкін. Федералды резерв жыл сайын банктерге қандай нақты болжамдарды қолдану керектігін айтып, стресс-тестілеу туралы мәліметтерді ұсынады.

Қаржылық жағдайы тұрақты банктер жұмыс істейтін экономика үшін өте маңызды және олар біздің күнделікті өмірімізге әсер етеді. Ірі банктер жүйелік тәуекелді тудырады, егер олар қандайда бір сәтсіздікке ұшыраса, белгілі мемлекеттің қаржы жүйесі үшін айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, сондықтан реттеуші органдар осы нәтижелердің алдын алуға арналған ережелерді белгілейді.

Банктің қарапайым моделі-бұл депозиттерді қабылдайтын және бұл ақшаны басқа клиенттерге беретін мекеме моделі. Бірақ жағдай өзгерді, сондықтан банктер көбірек тәуекелге барады және кірісті арттыру үшін көбірек тетіктерді қолдана бастады.

2007-2009 жылдардағы қаржылық дағдарыс кезінде қаржы нарықтарындағы белсенділік тоқтап қалды. Ірі қаржы институттары сәтсіздікке ұшырады, ал жеткіліксіз капиталдандырылған банктер шығындарды өтей алмады және басқалар несие бойынша төлемдерін өтей алмай дефолт жариялаған болатын. Бұл сәтсіздіктер барған сайын қаржы нарығындағы оқиғалардың тізбекті реакциясын тудырды.

Ақыр соңында АҚШ үкіметі (және әлемдегі басқа үкіметтер) қаржы нарықтарын тұрақтандыруға кірісті. АҚШ үкіметі қаржы жүйесінің өтімділігін сақтауға көмектесетін бірнеше ірі қаржы институттары мен ипотекалық агенттіктерді қолдады. Нәтижесінде, әлемдік қаржы институттары адамдарға, бизнес пен үкіметтерге қажетті ақшаны алуға көмектесіп, бизнесті жүргізуге дайын болды. Сонымен қатар, FDIC және NCUA тұтынушылардың сенімін арттыру және банк операцияларының алдын алу үшін депозиттерді сақтандыру сомасын 100 000 доллардан 250 000 долларға дейін арттырды.

#### **Әдебиет:**

1. ЕДБ, ҚР бейрезидент банктердің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары ҚР ҰБ басқармасының 2019 жылы 12 қарашадағы №188 қаулысы

2. Supervisory Stress Test Methodology FRB

3. FSI Insights on policy implementation No 12 Stress-testing banks – a comparative analysis